

Арал аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2016 жылғы 03 тамыздағы № 33 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арал аудандық мәслихатының төмендегі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Арал аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 204 шешімі. (Мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2014 жылғы 30 желтоқсандағы 4828 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2015 жылдың 14 қаңтардағы №3 санында жарияланған).

2) "Арал аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 151 шешімі. (Мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2014 жылғы 21 мамырында 4678 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2014 жылғы 7 маусымдағы №41 санында жарияланған).

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс алтыншы сессиясының
төрағасы
Қ. Аяпов

Аудандық мәслихат
хатшысы
Д. Мадиев